



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 маусымдағы N 821 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 10 ақпан N 203

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "1999 жылғы 17 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен AES корпорациясының арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумның шарттарын орындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 маусымдағы N 821 Р990821_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қатысуымен заңдарда белгіленген тәртіппен "Семей электр бөлуші желілері" ашық акционерлік қоғамының "Семей көлік-энергетика компаниясы" жабық акционерлік қоғамының акцияларымен жасасқан мәмілелерді және "Семей көлік-энергетика компаниясы" жабық акционерлік қоғамы мен "Семей электр

бөлуші желілері" ашық акционерлік қоғамының электр энергияларын бөлу және беру жөніндегі активтерді иеліктен шығаруға байланысты мәмілелерді жарамсыз деп тану шараларын қабылдасын";

2) 2 және 3-тармақтар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК